



БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 15 ұлқуісін

Талдықорған қаласы

ПРИКАЗ

№ 216 - Н

город Талдықорған

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 1-тармағының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) талаптарын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ШЖҚ «Талдықорған қалалық емханасы» МКК-да (бұдан әрі – Кәсіпорын) Үлгілік қағидалардың 11-тармағының бағытына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2023 жылғы кезеңіне жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобының дербес құрамы келесідей:

1) директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары – Шумилина Анна Гурьевна;

2) денсаулық сақтау басқармасының әкімшілік-құқықтық жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы - Шукенова Сауле Шертаевна;

3) Кәсіпорынның алғашқы кәсіподақ комитетінің төрайымы – Ибрагимова Зухра Ибрагимовна;

4) заңгер – Нургазиев Ербол Багдатович;

5) "Талдау Хабаршысы Талдықорған" республикалық ақпараттық-медициналық газетінің бас редакторы тұлғасында жұртшылық, БАҚ өкілі – Шапошников Владимир Вениаминович, болып бекітілсін.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізілсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары А.Г. Шумилинаға жүктелсін.

Директор



Л.О. Толеуханова


Таныстырылды:

 А.Г. Шумилина

 С.Ш. Шукенова

 З.И. Ибрагимова

 Е.Б. Нургазиев

 В.В. Шапошников